

Тақырыбы:

Мақсаты: бірлік мерекесі достықты, ынтымақты және түрлі ұлттардың татулығын дәріптейді. Балалар арасындағы ұйымшылдықты арттыру, көңіл-күйді көтеру.

Қатысушылар санаты: Барлық топтар

Түрі: Фестиваль

Мерекелік зал көңіл-күйге сай безендірілген. Достық, бірлік тақырыбында әндер шырқалып тұрады. /Ортағы жергізушу шығады/

Жүргізуші: - Қайырлы күн құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар!

Армысыздар бірлігі мен тірлігі жарасқан, берекесі мен мерекесі тасыған Қазақ елі! Қазақстан ұлт пен ұлыстың, бауыр мен туыстың, ынтымақпен туыстаған мекені.

-Ендеше, күн көзіндей жылылық пен қасиетті ұлылықты паш еткен, адалдықтың есімін, бейбітшілік бесігін тербеткен мамыр мерекесі құтты болсын!!!

- Барлық ұлттар Қазақстан жерінде достықта, бірлікте тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Қазақ халқы өте қонақ жай халық. Келген қонағын қуана-қуана қарсы алады. Ендеше «Достық фестиваліне» келген қонақтарымызды қарсы алайық!

1. – **ҚАЗАҚ ҰЛТЫ**
2. – **ӨЗБЕК ҰЛТЫ**
3. – **ТАТАР ҰЛТЫ**
4. – **УКРАИН ҰЛТЫ**
5. – **ОРЫС ҰЛТЫ**

Жүргізуші: - Мерекеміздің шарты бойынша әр ұлт өздерін таныстырады, ұлттық тағамдары мен өнерлерін ортаға салады.

Ынтымағы жарасқан береке күн,
Білдіреді жарасқан ел ертеңін
Татулық пен достығың арта берсін,
Құтты болсын бүгінгі мереке күн.

Жүргізуші: - Алғашқы мерекелік құттықтау сөз "Айяна" жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әдіскері Буентаева Менслу Абилгазиевнаға беріледі.

Құттықтау сөз

Жүргізуші: - Ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерінің бір шанырақ астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқаны біздерге мәлім.

Бүгінгі шарамыздың бет ашары-өзбек ұлты.

Қадірменді бір досымыз -өзбегім,
Қалтқысы жоқ демің бейне өз демім.
Өз сөзімдей жанға жайлы сөздерің.
Дәм-тұзымыз араласпыз әріден,
Дастархандар жайылады сәнімен.
Палауың мен бесбармағым сыбайлас,
Кезек жейміз алма, өрік дәмінен.
Ортаға **Өзбек** халқын шақырайық.

1.Өзбек ұлтының өнерін тамашалау

Жүргізуші: - Өзбек ұлтына сұрақ...

- Өзбек халқының мейрамдарын атап беріңіздер?

(Навруз, құрбан айт, тәуелсіздік күні ,рамазан айты,шахсарар-бала тойы)

Жүргізуші:

Ағайын туған бар адам

Адалдық үшін жаралған

Күліп күнге қараған

Жарқырап тұрсын күніміз

Жайқала берсін гүліміз

Бар елге қымбат туыстық

Баянды болсын тыныштық!

-Байлықтың ең үлкені – халықтар достығы,- дей отырып барлығымыз

"Ағайынбыз бәріміз" әнін шырқайық!

Ән « Ағайынбыз бәріміз» *(барлық қатысушылар)*

Жүргізуші:

Қазақ – татар, туыссындар, доссындар,

Бір тамырдан сендер өскен қос шынар,

Дос – туыстар көп болса да дүниеде,

Нақ сендердей нағыз туыс жоқ шығар.

Ортаға *татар* халқын шақырайық.

2.Татар ұлтының өнерін тамашалау

Жүргізуші: -Татар ұлтына сұрақ...

- Татар халқының ұлттық тағамдарын атап беріңіздер?

(чак-чак, эчпочмак, бәлеш, шулпа, көлчә, сөтле ботқа)

Жүргізуші:

Кім сүймейді ет жақынын, туысын,

Украин – туысымның бірісің.

Тұрды биік туымыздай бұл достық.

Ел басына төнгенде де ұлы сын.

Ортаға *Украин* халқын шақырайық

3.Украин ұлтының өнерін тамашалау

Жүргізуші: -Украин ұлты ,сіздерге сұрақ

- Қандай украин ұлттық билерін білесіздер?

(гопак,казачок, хоровод, аркан, тропак, метелица)

Жүргізуші:

Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан

-Байлықтың ең үлкені – халықтар достығы,- дей отырып "Шанырақ" ойынына кезек берейік.

Ойын "Шанырақ"

Жүргізуші:

Қазақ – орыс, туыссыңдар, доссыңдар,
Бір тамырдан сендер өскен қос шынар,
Дос – туыстар көп болса да дүниеде,
Нақ сендердей нағыз туыс жоқ шығар.
-Орыс халқының сәлемін қабыл алыңыздар!

4. Орыс ұлтының өнерін тамашалау

Жүргізуші: -Орыс ұлтына сұрақ...

- Орыс халқының ұлттық аспаптарын атап беріңіздер?

(балалайка, домра,гусли, бубен,ложки, трещотка)

Жүргізуші:

Ортақ бізге бір Отан,
Ортақ жердің байлығы.
Еңбек ортақ, жыр ортақ,
Ортақ бізге барлығы.
Туыспыз біз бәріміз,
Бір Отанды сүйеміз.
Бақытты елде туған соң,
Бақытты өмір сүреміз – дей отырып "Біз- бақытты баламыз" атты әнімізбен
Қазақстан Халықаралық ынтымақтастық күніне арналған «Достық фестивалі»
атты мерекемізді аяқтаймыз.

Ән "Біз - бақытты баламыз"

Жүргізуші:

Қымбатты қонақтар мен балалар! Бүгінгі мереке күні елімізге бірлік, тыныштық
және барлықтарыңызға денсаулық, табыс тілейміз!

Келісіді : _____
«Айяна» жеке мектепке дейінгі
білім беру мекемесінің
әдіскері
Буентаева Менслу Абилгазиевна

" Бір шанырақ астында "

(1-мамыр Қазақстан Халықтарының бірлігі күні мерекесіне ұйымдастырылған достық фестивалі)



Жауапты: музыка жетекшісі Адилова В.Ж

Орал қаласы, 2025ж